


*САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ОЙ-ПІКІРЛЕР ТАРИХЫНЫҢ
ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫ*



**ИММАНУИЛ
КАНТ**

**БҮКІЛӘЛЕМДІК-
АЗАМАТТЫҚ
ТҮРҒЫДАҒЫ
ЖАЛПЫЛАМА
ТАРИХ ИДЕЯСЫ**

**МӘҢГІЛІК
БЕЙБІТШІЛІК
ЖӨНІНДЕ**



ИММАНУИЛ КАНТ

БҮКІЛӘЛЕМДІК-
АЗАМАТТЫҚ
ТҮРҒЫДАҒЫ
ЖАЛПЫЛАМА
ТАРИХ ИДЕЯСЫ

МӘНГІЛІК БЕЙБІТШІЛІК
ЖӨНІНДЕ

*Кіріспе мақала мен ескертулерді жазған заң
ғылымдарының докторы, профессор
С.Ф. Ударцев*

АЛМАТЫ
“ЖЕТИ ЖАРҒЫ”
2003

ББК 63.3(о)я73

К 12



SPI

“Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция
өнеркәсібіне жәрдемдесу жөніндегі
Ассоциацияның
Алтын медалімен наградталды

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Кітап LES AZIMUT ENERGY SERVICES қолдауымен жарық көрді. Басылым таралымының едәуір бөлігі Қазақстанның жоғары оқу орындарына және кітапханаларына, сондай-ақ Қазақстанның студенттері оқитын шетелдің жоғары оқу орындары мен кітапханаларына тегін беріледі.

The book was published with an assistance of LES AZIMUT ENERGY SERVICES. The most of Edition must be distributed among the higher education institutions, libraries and for Kazakhstanish students studying at Foreign in stitution on free charge.

Кант И.

К12 Бүкіләлемдік-азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы. Мәңгілік бейбітшілік жөнінде. /Кіріспе мақала мен ескертулерді дайындап, құрастырған С.Ф. Ударцев. — Алматы: “Жеті жарғы”, 2003. — 164 бет: суретті. (Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары сериясы.)

ISBN 9965-11-110-3

Кітапқа либерализм мен құқықтық мемлекет теориясының ұлы ізашары Иммануил Канттың (1724—1804) шығармалары енгізілген. “Бүкіләлемдік-азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясында” (1784) Кант әлемдік саяси-құқықтық даму үрдістерінің бірі ретінде “құқықтық азаматтық қоғамды” қалыптастыру идеясын дәлелдейді. “Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” (1795) факлиясы ХХІ ғ. шебінде ой-пікірлерінің тереңдігімен және өзектілігімен таң қалдырады.

Кітап заң, халықаралық құқық, гуманитарлық факультеттердің студенттеріне, саяси-құқықтық ой-пікірлер тарихына ынта қоятын жұртшылыққа арналған.

К 0503010000 — 037
419(05) — 2003 хабарланбаған — 2003

ББК 63.3(о)я73

© Ударцев С.Ф., Кіріспе мақаланы,
ескертулерді дайындап, құраст., 2003

© Аударған М. Кеңбейіл, 2003

© “Жеті жарғы” ЖШС, 2003

ISBN 9965-11-110-3



Кант
Деблер салған портрет

*Табиғат, сайып келгенде, құқықтың жоғары
билікке ие болуын қалайды.*

И. Кант

А.В. Суворов қатысқан болу керек деген мәліметтер бар, ол осы тұста Кёнигсбергке, кезінде қаланың губернаторы болған Игенерал – әкесіне барған.

“Машықтық парасат сыны” (1788), “Бүкіл әлемдік-азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы” (1784), “Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” (1795), “Салт-ғұрыптар метафизикасы” (1797) және т.б. ойшылдың саясат және құқық мәселелері жөніндегі негізгі шығармаларына жатқызуға болады. Өзінің бірқалыпты, қатаң тәртіпке бағынған әрі шығармашылықпен шындалған бүкіл ұзақ өмірінде Кант Шығыс Пруссия шегінен сыртқа шықпаған. Алайда, бұл ой-пікірлері автордың кеңістіктің бір нүктесінде болуының орнын толтыра отырып, бүкіл әлемді шарлаған, кеңістік пен уақыттың адамның қолы жетпейтін көкжиектеріне бойлаған, бүкіл ғаламшарды, ғарышты, адамзат тарихын, адамзаттың болашағын көре білген шығармалар тудыруына кедергі бола алмады. Ерікті Кёнигсберг сопысы Петербург Ғылым академиясының шетелдік мүшесі (1724 ж. шілде), сондай-ақ Берлин мен Сиендегі (Италия) академияның мүшесі болып сайланды.

Құқық ұғымы және оның негіздері

И.Кант өзінің құқық туралы ілімінде, мысалы, ежелгі қытай философы Конфуций секілді құқық пен имандылық табиғатының жақындығын, тығыз бірлігін атап көрсетті. Ол адам мінез-құлқының принциптері біртұтас және мінез-құлықтың күллі реттеуіштерінің негізін құрайды деген идеяны басшылыққа алады. Тарихи, генетикалық және атқа-

өлшемі және шекарасы болып табылады, оның үстіне, бостандық өлшемінің жалпылама заңдарына сай келетін өлшемі мен шекарасы болады.

“... Құқық, – деп жазды Кант, құқық туралы ілімнің метафизикалық бастауларын қарастыра келе, – бұл жалпылама бостандық заңы тұрғысынан қарағанда, біреудің [адамның] көрсеткен зорлық-зомбылығы келесі біреудің көрсеткен зорлық-зомбылығымен шамалас болатын жағдайлардың жиынтығы”². Сонымен қатар, оның негіздерінде құқық адамға қатысты алғанда сезімнен тыс және тәжірибеге дейін құбылыс ретінде қарастырылады, оның мағынасы адамзат тарихынан тысқа шығып, адам баласының өмірі мен қызметін ғарыштың іргелі негіздерімен байланыстырады.

Құқық адам баласының ең жоғары мақсатына ортақ, әлемнің ауқымына шамалас деп ойлады ойшыл. “Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” атты ғақлиясында ол “адамдардың құқығы” “құдайдың жердегі жаратқандарының ең қасиеттісі” деп жазады³. Канттың ойынша, құқық дегеніміз адамзатты мәңгілікпен, ғарыш заңдарымен, жоғары парасат принциптерімен және түпкі ойларымен байланыстыратын құбылыс.

Адамға қатысты алғанда, сыртқы заңдарды Кант табиғи және ұнамды заңдарға бөлді. Табиғи заңдар дегеніміз – бұлар міндеттілігін а priori ақыл-парасаты мойындайтын сыртқы заңдар, ұнамды заңдар дегеніміз – бұлар “нағыз сыртқы заңдар болмайынша, міндеттемейтін, демек, оларсыз заңдар бола алмайтын”⁴ сыртқы заңдар. Кант кейде “нағыз сырт-

ған. Адамның иманды мінез-құлқының іргелі негіздерін іздестіру жолында ақыл-ой адамзат әлемінде бұдан асқан әмбебап бастапқы формула жоқ деп әділ есептей отырып, тарихта белгілі бір принципке әлденеше рет оралды.

Кант “тегеурінді талапты” адам мінез-құлқының күллі өмірлік жағдайларына таралатын жалпы әмбебап ереже ретінде түсінеді. Бұл – ақыл-парасат талабы, қоғам мүшелері арасында қарым-қатынастарды ұйымдастырудың парасатты негізі. Бұл – іргелі ереже мінез-құлқының негізгі бағыты, сен мойынсұнатын норма осымен бірге жалпылама заңның принципі болатындай, осындай заңның күшіне ие болатындай әрекет істеуді талап етеді деп есептейді Кант⁷. Ол былай деп жазды: егер адамның қылығы және жалпы алғанда оның күйі әркімнің жалпылама заңға сәйкес бостандығымен үйлесімді болса, онда мұндай мінез-құлық пен күйге кедергі жасайтын адамның әрекеті дұрыс емес, “өйткені мұндай кедергі жасау (қарсы әрекет істеу) жалпылама заңға сәйкес бостандықпен үйлеспейді”⁸. “Сонымен, – деп жазады ойшыл “Салт-ғұрыптар метафизикасында”, – жалпылама құқықтық заң мынаны білдіреді: сырттай қарағанда өзіңнің озбырлығыңның еркін көрінісі әркімнің жалпылама заңға сәйкес бостандығымен үйлесетіндей әрекет істе”⁹. Басқаша сөзбен айтқанда, басқалардың бәрінің жалғыз өзіне ғана емес, баршамен қалай қатынас жасауын қалайтынындай әрекет ет.

Құқық әдетте мәжбүрлеу өкілеттігімен байланысты болады. Ал мәжбүрлеу құқықтық және

жеткізуге болады¹³. Мұндай қоғамда ішкі бостандықтардың көптігі мен қоғамдық қатынастардың үйлесімділік заңдарының қол жеткен сатыларындағы тежеусіз сыртқы мәжбүрлеу өзара ұштасып жатады.

Мысалы, Кант азаматтық қоғамды, халықты құрайтын, өзара қарым-қатынаста болатын, құқықтық күйде болуға мүдделі индивидтердің жиынтығын мемлекет деп атады¹⁴. “Салт-ғұрыптар метафизикасының” тағы бір жерінде ол: “Мемлекет (civitas) дегеніміз – бұл құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдардың бірлестігі” деп жазды¹⁵. Мемлекет – бұл құқықтық ұйым, заңды мінезкүлық ережелерін қамтамасыз етудің ұйымдық, материалдық көрінісі және құралы болудан басқа ешнәрсе емес, құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін құралдардың, институттардың жиынтығы. Мемлекеттің жаратылысында бұдан өзгеше ештеңе жоқ. Егер тағы бірдеңе пайда бола қалса, онда бұл – кездейсоқ нәрсе, мемлекеттің жаратылысы – құқықтық негіз. Мемлекеттің мақсаты – әділеттілік пен құқықтың салтанат құруы.

Канттың пікірінше, мемлекет пен құқық – адам жаратылысының табиғи туындылары, адамның бойындағы жеке және қоғамдық бастауларды сөзсіз үйлестіру қажеттігінің, адамның өзімшілдік құмарлығы мен бейімділіктерін өзінің игілігі үшін, бүкіл адам баласының игілігі мен дамуы үшін пайдаланудың табиғи тетігінің тікелей салдары болып табылады. Адамзат қоғамындағы антагонизмді, бәсекені және бастама жасаушылықты дамыта оты-

саясат пен моральдың арасында даудың бар болғаны; бірақ олар қалай да өзара қосылуға тиіс болса, онда қарама-қарсылық ұғымы жосықсыз болып шығады да, бұл дауды шешу жөніндегі мәселе айтарлықтай қиындық туғызбайды. “Ең жақсы саясат – адалдық” деген қағида да өкінішке қарай өмірде көп ретте қайшылыққа ұрындыратын теория бар болғанымен, “Адалдық кез келген саясаттан жақсы” дейтін теориялық қағида да кез келген қарсылықтан әлдеқайда жоғары тұрады және тіпті саясаттың міндетті шарты болып табылады. Моральды сақтаушы тәңір Юпитерге (күш-қуатты сақтаушы тәңірге) көнбейді”¹⁸. Философтың пікірі бойынша, федералдық мемлекетте имандылық пен саясаттың қалыпты арақатынасы орнауы үшін барынша қолайлы жағдайлар қалыптасады¹⁹.

Құқықтың, саясаттың және мемлекеттік биліктің арақатынасына келетін болсақ, ол да Канттың ойынша, сайып келгенде, құқықтың басымдылығына негізделген, мұны адам баласының ақыл-ойы тудырып отыр. “Сонымен, – деп жазды ол, – былай деп айтуға болады: табиғат, сайып келгенде, құқықтың жоғары билікті иеленуін қалайды”²⁰. Енді бір жерде Кант құқық саясатпен үйлесімді болғандықтан, оның шектеушісі болуға тиіс дейді²¹.

Канттың ойынша, мемлекеттің шарттық тегі оның құқықтық табиғатымен байланысты. Егер мемлекет құқық пен бостандықты қамтамасыз етуге, тиісті ұйымдық құрал ретінде әрекет етуге тиіс болса, онда мемлекеттің құрылуының өзі еркін негіздерге сүйенуге тиіс болатыны түсінікті. Тари-

(егемендік), билеуші (заңға сәйкес билейтін) ретіндегі *атқарушы билік* және судьялар түріндегі *сот билігі* (заңға сәйкес әркімге лайықты жазасын беретін)”²². Мемлекеттегі үш биліктің бәрі де “өзара үйлестірілген деп есептеді ол, бірін-бірі толықтырады, біріне-бірі көмектеседі және бағынады, бірақ олардың бірде-біреуі мемлекеттегі бүкіл билікті, сондай-ақ басқа биліктердің қызметін жаулап ала алмайды”²³.

Кант мемлекеттегі “әр түрлі үш билік” туралы жазды, осылардың арқасында мемлекет қоғамнан өзінің алдында тұрған міндеттерді шеше алатын және бостандық заңдарына сәйкес өзін-өзі жаңғырта алатын дербес бірлікке айналады. Канттың ойынша, бұл үш билік бір құбылысқа – мемлекеттік билікке біріккен. Ішкі бөлінумен бір мезгілде өтетін олардың бірігуі мемлекет игілігі болады. Кант мемлекет игілігі дегенде “мемлекеттік құрылыстың құқықтық принциптермен үйлесуінің ең жоғары сатысын жобалады, ақыл-ой әлде бір *тегеурінді талап арқылы* бізді соған ұмтылуға міндеттейді”²⁴.

Басқару нысандары туралы айта келе, Кант оларды бірнеше белгілеріне қарай жіктеді. Бір жағынан, бұл нысандарды билік басында отырған (заң шығарушы) адамдардың санына қарай дәстүрлі болу. Ол автократия (бір адамның билігі), аристократия және демократия жөнінде осылай айтты. Екінші жағынан, билікті бөлу принципін жүзеге асыру сипатына қарай ол барлық мемлекеттерді республикалар мен монархияларға (немесе дәлірек айтқанда, деспотияға, өйткені монархиялық республикалар да болатынын ескерді) бөлді. Деспоттық

мемлекет – қашан да монархия, ол билікті бөлуге жол бермейді, құқықты сақтау принципіне сүйенбейді. Канттың ойынша, деспотизм дегеніміз – мемлекеттің өзі берген заңдарды өзі билеп-төстеп орындау принципі²⁵, “бостандық зираты”²⁶. Канттың өзі де біраз уақыт конституциялық монархияға тілектес болды. Ол билікті бөлу, биліктің халықтың мүдделерін білдіруі, қоғамдық шартты сақтауы, құқықтық сипаты жөнінен деспотиядан өзгеше ұстанымда тұратын республикалық басқару нысаны көп түрлі болуы мүмкін деп ойлады. Канттың пікірінше, республикалық мемлекеттік нысан монархия ғана емес, сондай-ақ азшылықтың және көпшіліктің билігі болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда Кант демократия да деспоттық демократия болуы мүмкін деген ескерту жасады. Ойшыл “жұрттың бәрі билік жасағысы келетін” демократиямен салыстырғанда, автократия мен аристократия көп ретте өкілді жүйенің рухымен үйлеседі деп жорамалдады. Кант өкілді жүйесі жоқ демократияға қарсы болды²⁷, “тура демократияны” жетілдірілмеген демократия деп есептеді, оны бей-берекет стихия ретінде қарастырды. Ол республикалық монархияны аристократияға қарағанда дамуға және реформалар жасауға неғұрлым қабілетті, жетілген құқықтық құрылысқа неғұрлым сай келетін және бұған қоса, демократиямен салыстырғанда, оның ойынша революцияға неғұрлым бейім деп есептеді²⁸.

Бұл арада Кант бүкіл мемлекеттік нысандардың, “басқару әдістерінің” салыстырмалы құндылығы мен өзгергіштігін, олардың өздеріне қарама-қарсы мағынаға өзгеру мүмкіндігін айқын сезінді²⁹.

қы құқық” деген тіркесті пайдаланған. Ол күрделі қоғамдық өмірде ненің заңды екенін ұдайы бірден анықтауға бола бермейтініне назар аударады. Оның үстіне, нақты қайшылықтарды, құқықтың түрлі мәнділігін көрсететін екі ұшты жағдайлар да тууы мүмкін. Мұндай жағдайларда ол “кең мағынадағы құқық” тіркесін пайдаланған. “Мәжбүрлеу құқығы” (мысалы, әділеттілікке, осынау “мылқау құдіретке” шақыратын, тараптардың шартында өзге ештеңе көзделмейтін реттерде бірден-бір тиімді құрал бола алатын) және аса қажеттілік (“құқықсыз мәжбүрлеу”) ретіндегі әділеттілік осыған жатқызылды. Алайда аса қажеттілік ұғымы “мұқтаждық заңды мойындамайды (*necessitas non habet lege m*)” мағынасында ашылса да, Канттың ойынша, теріс нәрсені заңға сәйкес ететін мұқтаждық болуы мүмкін емес⁵.

Кант адамның бостандығы дегеніміз – бұл оның туа біткен құқығы, барлық қалған құқықтары осыдан таралады деп тапшылады. “**Бостандық** (басқаның мәжбүрлеуші озбырлығынан тәуелсіздік) – деп көрсетті Кант, – әрбір басқа адамның жалпылама заңға сәйкес бостандығымен үйлесетіндіктен, бұл адамзатқа жататын әрбір адамға тән бірден-бір бастапқы құқық болады”⁶. Бостандықтың келесі жағы – адамдардың теңдігі және олардың бостандыққа тең құқылығы.

Канттың құқықтық ілімінің негізгі ұғымы – “тегеурінді талап”. Бұл – құқықтың бастапқы, жалпылама принципі, оған адам мінез-құлқының негізгі бастаулары жөнінде толғана келе, бұған дейін де кейбір ойшылдар, мысалы Томас Гоббс назар аудар-

дықтардың нәтижесінде адамзатты іс жүзінде оның басынан өткен тәжірибесі арқылы халықаралық қатынастарды жетілдіру және реттеу, халықтардың бүкіләлемдік одағын құру қажеттігі туралы қорытындыға келтіреді. Ақыл-ой мұны осыншама қайғылы тәжірибесіз-ақ еске салған болар еді, бірақ адам баласының жаратылысы сондай – ол үшін өзінің тиімді тағдырын танып-білудің осыншама ұзақ жолы болмай қоймайтын секілді.

Халықтардың біртұтас одағы идеясы қаншама қиял-ғажайып болып көрінсе де, Канттың ойынша, бұл – адамзат жеке мемлекеттер түрінде бір кезде оның тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін “өзінің хайуандық бостандығын” құрбан еткен жеке адамдардың жүріп өткен жолын қайталап істеуге мәжбүр болатын бірден-бір парасатты жол³⁵. Осы тұрғыдан қарағанда, – деп атап көрсетті Кант, – барлық соғыстар мемлекеттер арасында жаңа қарым-қатынастар құрудың және қиратып-бүлдіру немесе ең болмағанда барлығын бөлшектеу арқылы жаңа бірліктер түзу жолындағы толып жатқан ұмтылыстар (әлбетте, адамның мақсаты ретінде емес, табиғаттың мақсаты ретінде) болып табылады. Алайда бұлар тағы да ішкі алауыздықтарға немесе сыртқы араздықтарға байланысты сақтала алмайтындықтан, кейде ақырында азаматтық құбылыстың ең жақсы ішкі жүйесінің арқасында, кейде мемлекеттер мен халықаралық заңдар арасындағы жалпы келісімнің арқасында азаматтық қоғамдағыдай *автомат* секілді дербес өмір сүре алатын күйге жеткенше жаңа, осыған ұқсас революцияларды бастан өткізуі тиіс”³⁶.

Кант өзіне дейінгі және осы заманғы мемлекеттер ұдайы бір-бірімен соғысып жатқан табиғи күйде болды деп тұжырымдады. Сондықтан “соғысу құқығы”, “соғыс кезіндегі құқық”, “соғыстан кейінгі құқық”, “бейбітшілік құқығы”, “әділетсіз жау жөніндегі құқық” ұғымдары халықаралық құқықта айтарлықтай орын алады. Жеке адамдардың табиғи күйінен өзгеше, мемлекетаралық табиғи күй бір мемлекеттің жеке адамдарының басқа мемлекеттің жеке адамдарына қатынасын және олардың тұтас алғанда басқа мемлекетке қатынасын айналып өте алмайды және халықаралық құқықпен реттеп отырады.

Эволюция барысында мемлекеттер арасындағы табиғи күй келмесе кетеді, ол мемлекеттерге бірігіп, олардың азаматтарына айналған индивидтер үшін де осылай болған. Адамзат халықаралық қатынастың жаңа деңгейіне шықты – жаңа шарт – әр түрлі елдер мен халықтар арасындағы толып жатқан шарттардан біртіндеп туындайтын мемлекеттен тыс шарт жасаудың қажеттігі мен мүмкіндігі туралы қорытындыға келді. “Ақыл-парасатқа сәйкес, – деп жазды Кант, – мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарында кейбір адамдар секілді өзінің тағы (заңға негізделмеген) бостандығынан бас тартып, мәжбүрлі жария заңдарға бейімделу арқылы осындай жолмен (әлбетте, ұдайы ұлғайып отыратын) ең ақырында жердегі барлық халықтарды қамтитын халықтар мемлекетін (*civitas gentium*) құрудан басқа ұдайы соғыста болудың заңнан еркін күйінен шығудың басқа ешқандай әдісі болуы мүмкін емес³⁷.

хи даму барысында адамдар бірлесе өмір сүру және құқықтар мен бостандықтарды қайта бөлу принциптері туралы созылмалы шарттар арқылы бірігеді. Кант – барынша тиімді және табиғи даму – эволюциялық дамуды жақтаушы.

Ұлы Француз және Американ революциялары кезеңінде ол осы оқиғаларға ынта қойды, француз ағарту идеясына, әсіресе Ж.Ж. Руссо идеясына бас июші болды, бірақ Германиядағы революциялық идеяларды қорғап немесе насихаттап сөз айтпады. Солай бола тұрса да, мысалы, халықтың егемендігі және билікті бөлу туралы идеяларды ол толық жарамды әрі өз заманының өзінен-өзі белгілі идеялары деп есептеді. Мысалы, XIX ғ. үшін қосшы билер сотын ол әбден қажет әрі тарихи тұрғыдан мезгілі жеткен ұнамды институт ретінде қарастырған. Ал революциялық билікке қатынас жөнінде философ былайша ойлады: революция қоғамның алдында тұрған, басқа құралдар шеше алмаған табиғи міндеттерді шешетін болғандықтан, заңға құлықты азамат тіпті эволюция мен реформаларға көбірек тілектес болса да, оны қарсы алуы тиіс.

Билікті бөлу. Мемлекет нысандары

Кант билікті бөлу теориясын жақтаушы болды. Ол мемлекеттік биліктің бірлігін жақсы түсінсе де, мұндай билік үш жақты әрекет етеді, белгілі бір мамандануға және іштей жіктелуге ие болады деп атап көрсетті. “Өрбір мемлекетте, – деп қорытты ойшыл, – үш *билік* болады, яғни жалпылама негізде үш жақтың біріккен ерік-жігері болады (*trias politica*): заң шығарушы ретіндегі *жоғары билік*

құқықтық емес мәжбүрлеуге бөлінеді. Егер ол бостандық заңының ақылға қонымды шегінен шығып, озбырлыққа айналатын бостандықты шектейтін болса, құқықтық мәжбүрлеу болып табылады. Мәжбүрлеу бостандықты заңсыз шектеуге және жалпы алғанда, құқықты жүзеге асыруға заңсыз кедергі келтіргенде қарсы әрекет етуші болғанда да заңды болып шығады. “Демек, – деп жазды Кант, – бостандықтың белгілі бір көрінісінің өзі жалпылама заңдарға үйлесімді бостандыққа кедергі (яғни теріс) болып шыққанда, оған қарсы бағытталған мәжбүрлеу жалпылама заңдарға сәйкес келетін бостандықпен үйлесімді, яғни орынды болады; ендеше, бұл құқыққа нұқсан келтіретін адамға мәжбүрлеуді қолдану өкілеттігі де қайшылықтар заңы бойынша құқықпен байланысты”¹⁰.

Құқық, мемлекет, саясат

Канттың пікірінше, құқық мемлекеттің негізін кұрайды. Көп ретте ойшылдың құқықтық мемлекет және “құқықтық азаматтық қоғам”¹¹ теориясы ізашарларының бірі ретінде танылатыны кездейсоқтық емес. Кант адамзаттың тарихи даму міндеттерінің бірі “жалпыға бірдей құқықтық азаматтық қоғамға” жету деп білді¹². Оның сенімі бойынша, осындай қоғамда ғана адамның ең жоғары бостандығына, қоғамның бүкіл мүшелерінің қарымқатынасы мен бостандығының үйлесімділігіне, сондай-ақ “табиғаттың ең жоғары мақсаты: адамзатқа берілген барлық нышандарды дамытуға” қол

рып, табиғат, Канттың ойынша, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру құралдарын дамытудың, ынтымақтастық пен өзара көмек көрсетудің жоғары дәрежесін қалыптастыруды да “ұмытпаған”. Бұл тұрғыдан алғанда, құқық және оған сай келетін мемлекет адам жаратылысының түп-тамырларының терең негіздерімен және оның тарихының мақсаттарымен байланысқан.

Канттың пікірі бойынша, құқық саясат жөнінде де бастапқы болады. Сайып келгенде, құқық саясатқа емес, саясат – құқыққа сай болуы тиіс¹⁶. Сірә, осыны атап көрсете келе, Кант бірқатар жағдайларда тікелей қарама-қарсы ұстанымда болатын құқық пен саясаттың іс жүзіндегі күнделікті ара-қатынасын тіркеп отыруды емес, ғаламдық тарихи үрдістерге назар аударғысы келген болар.

Саясат пен имандылықтың арақатынасы проблемасы жөнінде толғана отырып, олардың іс жүзіндегі күрделі, әрі бірқатар жағдайлардағы теріс өзара әсері туралы ойлана келе, Кант саясатты имандылықпен үйлестіру, саясатты имандылық пен тыныштыққа бағындыру адам жаратылысының мақсаттарына және оның Жер бетіндегі мәртебелі міндетіне сай келетініне сенімді болды. Кант жалпы адамзаттық ақыл-ойды “моральдық заң шығарушы” деп, ал моральды – “теориялық құқықтау” деп атады¹⁷. Ол былай деп жазды: “Саясат былай дейді: “Өзезілдей ақылды болыңдар”, мораль оны: “Көгершіндей таза болыңдар” деп толықтырады (шектеуші шарт ретінде). Егер мұның екеуі бір өсиетке сыйыспайтын болса, онда шындығында да

ратын қызметі тұрғысынан алғанда, құқық пен имандылық бірге пайда болып, өмір сүреді және дамиды, адамның табиғатындағы олардың түп-тамыры да біреу болады. Ол заңдарды, басқаша айтқанда, заң құқығын құқық пен имандылық міндеттерін шешетін әлеуметтік реттеудің мәжбүрлеу элементі ретінде қарастырды. Әлеуметтік өзін-өзі реттеу әрекеті жеткіліксіз болатын жағдайлар мен салаларда адамның мінез-құлқын реттеудің мәжбүрлік сипаты бар қосымша құралдары әрекет ете бастайды.

Кант логика саласының мамандары үшін “Ақиқат дегеніміз не?” деген сұрақ қандай маңызға ие болса, “Құқық дегеніміз не?” деген сұрақ құқықтанушы үшін де сондай маңызға ие болады деп есептеді. Канттың ойынша, бұл сұраққа тәжірибелік мағлұматтардың көмегімен немесе қолданылып жүрген заңдарға сілтеме жасау арқылы жауап таба алмаймыз, өйткені бұл заңдарда ненің құқықтық, ненің құқықтық емес екені көмескі болып қала береді. Оның пікірінше, бұл жағдайда құқықтың парасатты табиғатын анықтау үшін және құқық құбылысының жалпы мәселелерін шешу үшін тәжірибелік мағлұматтар жеткіліксіз болады. Мәселе абстрактілік теориялық, философиялық тәсілдер қолдануды қажет етеді. Ол құқықты қоғамда өзара әрекеттесе өмір сүретін түрлі адамдардың қатар өмір сүруінің, азат ерік-жігері мен зорлық-зомбылық көрсетуін өзара шектеудің және шамалаудың сыртқы саласына жатады деп ойлады. Канттың ойынша, құқық қоғамдық қатынастар нысанына жатады, қоғам мүшелері бостандықтарының

ИММАНУИЛ КАНТТЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Өмірі мен шығармашылығы

Иммануил Кант (1724–1804) – ұлы неміс ойшылы, немістің классикалық философиясының негізін қалаушы, осы заманғы либерализмнің, құқықтық мемлекет, әлемдік федерация теориялары ізашарларының бірі. Кант Кёнигсбергте (қазіргі Ресей Федерациясындағы Калининградта) қолөнершінің отбасында әулие Иммануил күнінде дүниеге келген, сондықтан есімі осылай аталған. Ол Кёнигсберг университетінде оқыған, оқытушы болған, екі рет (1786 және 1788 жж.) оның ректоры болып сайланған. Университетте Канттың 268 дәрістер курсы оқығаны есептеліп шығарылған, оның ішінде 12 рет құқық бойынша, 28 рет – этика бойынша, 49 рет – метафизика бойынша, 1 рет – теология бойынша және т.с.с. дәрістер курсы оқыған¹.

Ресей әскері Шығыс Пруссияның астанасына кіргеннен кейін жеті жылдық соғыс кезеңінде 1858 ж. Кант басқа да қалалықтар секілді Ресейдің император ханымы Елизаветаға және тақ мұрагеріне ант берді (Кант 1762 ж. дейін Ресейдің қол астындағы азаматы болған). Кант орыс офицерлеріне, кейініректе неміс офицерлеріне әскери өнер бойынша дәрістер оқыған. Мұндай дәрістерге болашақ атақты қолбасшы, сол кездегі подполковник

мемлекет – қашан да монархия, ол билікті бөлуге жол бермейді, құқықты сақтау принципіне сүйенбейді. Канттың ойынша, деспотизм дегеніміз – мемлекеттің өзі берген заңдарды өзі билеп-төстеп орындау принципі”²⁵, “бостандық зираты”²⁶. Канттың өзі де біраз уақыт конституциялық монархияға тілектес болды. Ол билікті бөлу, биліктің халықтың мүдделерін білдіруі, қоғамдық шартты сақтауы, құқықтық сипаты жөнінен деспотиядан өзгеше ұстанымда тұратын республикалық басқару нысаны көп түрлі болуы мүмкін деп ойлады. Канттың пікірінше, республикалық мемлекеттік нысан монархия ғана емес, сондай-ақ азшылықтың және көпшіліктің билігі болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда Кант демократия да деспоттық демократия болуы мүмкін деген ескерту жасады. Ойшыл “жұрттың бәрі билік жасағысы келетін” демократиямен салыстырғанда, автократия мен аристократия көп ретте өкілді жүйенің рухымен үйлеседі деп жорамалдады. Кант өкілді жүйесі жоқ демократияға қарсы болды²⁷, “тура демократияны” жетілдірілмеген демократия деп есептеді, оны бей-берекет стихия ретінде қарастырды. Ол республикалық монархияны аристократияға қарағанда дамуға және реформалар жасауға неғұрлым қабілетті, жетілген құқықтық құрылысқа неғұрлым сай келетін және бұған қоса, демократиямен салыстырғанда, оның ойынша революцияға неғұрлым бейім деп есептеді²⁸.

Бұл арада Кант бүкіл мемлекеттік нысандардың, “басқару әдістерінің” салыстырмалы құндылығы мен өзгергіштігін, олардың өздеріне қарама-қарсы мағынаға өзгеру мүмкіндігін айқын сезінді²⁹.

Мемлекеттердің табиғи күйден ұйымдасқан және құқықтық күйге өтуі. Әлем азаматының құқығы

Канттың халықаралық құқыққа көзқарастары зор ынта туғызады. Оның пікірінше, халықаралық құқық деген атау соншама сәтті алынбаған. Халықаралық құқық ретінде пайдаланылатын түсінікті “мемлекетаралық құқық” деп атау әлдеқайда дұрыс болар еді³⁰.

Құқықтың деңгейі (немесе оның өзі айтқандай, – күйі) жөнінде толғана келе, Кант құқықтық даму мемлекеттік немесе мемлекетаралық (халықаралық) құқықпен шектелмейді деп білді. Оның пікірінше, “жер шексіз емес, тұйық кеңістік болғандықтан, мемлекеттік және халықаралық құқық сөзсіз *халықтар мемлекетінің құқығы* (jus gentium) немесе *әлем азаматының құқығы* (jus cosmopolitanum) идеясына алып келеді; сондықтан құқықтық күйдің осынау мүмкін болатын үш нысанының арасында ең болмағанда біреуі жетіспейтін болса, онда қалған нысандарының барлығының ғимараты сөзсіз әлсіреп, ақыр соңында опырылып түседі”³¹. Канттың космополиттік идеясы оның адамзаттың саяси-құқықтық даму келешегі туралы түсініктерімен ажырамастай байланысты.

Канттың идеяларын, оның ішінде халықаралық-құқықтық идеяларын, құқықтың жаратылысы туралы тұжырымдамасын ХХ ғ. басында Ресейдің көрнекті заңгер-ғалымдары дамытты. Айтпақшы, Юрьев (Тарту) университетінің профессоры, кейін эмигрант, әлемдік федерализм проблемалары бойынша бірқатар іргелі зерттеулердің авторы А.С. Яценконың ХХ ғ. басындағы федерализм ту-

ралы аса көрнекті ілімінің, әсілі, Канттың “космополиттік құқық” идеясымен белгілі байланысы бар. Яценко да халықаралық құқықтың “космополиттік құқыққа” айналуы туралы жазды³². Мәскеу университетінің профессоры Л.А. Комаровскийдің (1846–1912) халықаралық құқық – адамзаттың құқығы, халықаралық адамзат ұйымы және ғаламшарда бейбітшілікті жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы біраз ертеректегі идеялары Канттың іліміне жақын болды³³.

Кант “Бүкіләлемдік-тарихи тұрғыдағы жалпылама тарих идеясында” мемлекеттің ішкі құрылысының сыртқы дүниемен тығыз байланысы болатынын атап көрсетті. Мемлекет басқа мемлекеттерден оқшау өмір сүре алмайды. Мемлекет ішінде оны қоршаған дүниеге қарама-қарсы бір нәрсе құруға болмайды, қалай болғанда да, бұл тым орнықсыз құрылым болмақ. Оның ішінде, бір мезгілде халықаралық (мемлекетаралық) қатынастар жүйесін жетілдірмейінше, жетілген мемлекет құруға болмайды. *“Жетілген азаматтық құрылыс орнату проблемасы, – деп жазды ол, – мемлекеттер арасында заңға сәйкес сыртқы қатынастар орнату проблемасына байланысты және мұны шешпейінше, проблема да шешілмейді”*³⁴. Осы секілді, жетілмеген қоғамда жеке адамдардың жетілген өмірін құруға болмайтынындай, барлық мемлекеттердің, тұтас алғанда, адамзаттың өмірін ұйымдастыру жетілдірілмейінше, жеке мемлекеттерге де қатысты мұндай ұмтылысты істеу мүмкін емес деп есептеді Кант.

Табиғат соғыстың, қайғы-қасіреттің, қиратып-бүлдірудің, осылардан туындайтын өмірлік қиын-

дықтардың нәтижесінде адамзатты іс жүзінде оның басынан өткен тәжірибесі арқылы халықаралық қатынастарды жетілдіру және реттеу, халықтардың бүкіләлемдік одағын құру қажеттігі туралы қорытындыға келтіреді. Ақыл-ой мұны осыншама қайғылы тәжірибесіз-ақ еске салған болар еді, бірақ адам баласының жаратылысы сондай – ол үшін өзінің тиімді тағдырын танып-білудің осыншама ұзақ жолы болмай қоймайтын секілді.

Халықтардың біртұтас одағы идеясы қаншама қиял-ғажайып болып көрінсе де, Канттың ойынша, бұл – адамзат жеке мемлекеттер түрінде бір кезде оның тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін “өзінің хайуандық бостандығын” құрбан еткен жеке адамдардың жүріп өткен жолын қайталап істеуге мәжбүр болатын бірден-бір парасатты жол³⁵. Осы тұрғыдан қарағанда, – деп атап көрсетті Кант, – барлық соғыстар мемлекеттер арасында жаңа қарым-қатынастар құрудың және қиратып-бүлдіру немесе ең болмағанда барлығын бөлшектеу арқылы жаңа бірліктер түзу жолындағы толып жатқан ұмтылыстар (әлбетте, адамның мақсаты ретінде емес, табиғаттың мақсаты ретінде) болып табылады. Алайда бұлар тағы да ішкі алауыздықтарға немесе сыртқы араздықтарға байланысты сақтала алмайтындықтан, кейде ақырында азаматтық құбылыстың ең жақсы ішкі жүйесінің арқасында, кейде мемлекеттер мен халықаралық заңдар арасындағы жалпы келісімнің арқасында азаматтық қоғамдағыдай *автомат* секілді дербес өмір сүре алатын күйге жеткенше жаңа, осыған ұқсас революцияларды бастан өткізуі тиіс”³⁶.

Кант өзіне дейінгі және осы заманғы мемлекеттер ұдайы бір-бірімен соғысып жатқан табиғи күйде болды деп тұжырымдады. Сондықтан “соғысу құқығы”, “соғыс кезіндегі құқық”, “соғыстан кейінгі құқық”, “бейбітшілік құқығы”, “әділетсіз жау жөніндегі құқық” ұғымдары халықаралық құқықта айтарлықтай орын алады. Жеке адамдардың табиғи күйінен өзгеше, мемлекетаралық табиғи күй бір мемлекеттің жеке адамдарының басқа мемлекеттің жеке адамдарына қатынасын және олардың тұтас алғанда басқа мемлекетке қатынасын айналып өте алмайды және халықаралық құқықпен реттеп отырады.

Эволюция барысында мемлекеттер арасындағы табиғи күй келмеске кетеді, ол мемлекеттерге бірігіп, олардың азаматтарына айналған индивидтер үшін де осылай болған. Адамзат халықаралық қатынастың жаңа деңгейіне шықты – жаңа шарт – әр түрлі елдер мен халықтар арасындағы толып жатқан шарттардан біртіндеп туындайтын мемлекеттен тыс шарт жасаудың қажеттігі мен мүмкіндігі туралы қорытындыға келді. “Ақыл-парасатқа сәйкес, – деп жазды Кант, – мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарында кейбір адамдар секілді өзінің тағы (заңға негізделмеген) бостандығынан бас тартып, мәжбүрлі жария заңдарға бейімделу арқылы осындай жолмен (әлбетте, ұдайы ұлғайып отыратын) ең ақырында жердегі барлық халықтарды қамтитын халықтар мемлекетін (*civitas gentium*) құрудан басқа ұдайы соғыста болудың заңнан еркін күйінен шығудың басқа ешқандай әдісі болуы мүмкін емес³⁷.

Канттың ойынша, адамдарды ғаламшарлық біріктіру негіздерінің бірі адамзаттың жер бетін иемдену құқығы болып табылады. Ол былай деп көрсетті: “шар бетінде адамдар шексіз тарала бермейді, сондықтан басқалармен көрші тұруға төзімді болуы тиіс; алғашында жердің осы бөлігінде тұратын басқаларға қарағанда ешкімнің де құқығы артық болмайды”³⁸. “Бастапқыда барлық адамдар өздеріне осы жерді пайдалануға (*lex justı*) табиғатына тән ерік-жігерімен (әркімнің) бүкіл жер шарының жерін бірлесе иемденеді (*communio fundi originaria*)”³⁹.

Адамдардың ғаламшар, оның жер беті, Жердегі барлық халықтардың қауымдастығы жөніндегі құқықтарының теңдігі идеясы, Канттың ойынша, құқықтық принцип болып табылады да, әлем азаматы құқығының негізін құрайды.

Мәңгілік бейбітшілік және бүкіләлемдік федерация жобасы

Адамзат өзінің эволюциясы барысында кездестіретін шарттың жаңа жоғары нысаны Канттың ойынша, мемлекет секілді ірі құрылымдардың табиғи күйінен адам баласының бірыңғай саяси ұйымына өтуді білдіретін болады. Адам баласы бірте-бірте мемлекеттердің, халықтардың, индивидтердің бостандығын ұйымдастыру және өлшеу үшін “тепетеңдік заңын”⁴⁰ табады, сондай-ақ табылған тепетеңдік заңына күш беру үшін “біріккен билік” құрады. Кант бұл идеяларды келесі ұрпаққа өткен тарихпен өрнектеліп, қорытындыланған және болашақты көрегендікпен, кейде сәуегейлікпен болжай-

тын тәжірибесін, үміті мен сенімін жеткізетін “Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” ғақлиясында одан әрі дамытты. Осы ғақлиядан екі жыл кейін жазылған “Салт-ғұрыптар метафизикасында” да адамзаттың болашақ саяси және құқықтық даму тұжырымдамасының жинақталған түйіні баяндалады. Бұл жұмыстың 62-параграфы “Әлем азаматының құқығы” проблемасына арналған⁴¹.

Кант дамытқан ұлы идеялардың тамыры тереңде жатыр. Мысалы, Ежелгі Грекияда Диоген Синопский өзінің қайдан келгенін сұрағанда: “Мен – әлем азаматымын” деп жауап бергені, ал “бірден-бір ақиқат мемлекет деп бүкіл әлемді есептегені”⁴² мәлім⁴³. Адамның ғарыштық жаратылысы және адам қоғамына тән құбылыстарды онымен шама-лап көру қажеттігі идеясы Ежелгі дүниеде кейбір философтардың, киникилердің және стоиктердің қолдауына ие болған.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихында адам қоғамының қалыпты және табиғи күйі ретіндегі дүние идеялары Ежелгі дүниеден бастап белгілі. Күш қолданбау, соғысты жазғыру идеялары Ежелгі Үндістандағы ерте джайнизм мен буддизмге, Ежелгі Қытайдағы даосизмге тән, Ежелгі Римдегі ерте христиандыққа жат емес. Мысалы, кинизмнің негізін қалаушы Антисфен соғысты сынады⁴⁴. Ежелгі қытай ақылгөйі Лао-цзы соғыста мерт болғандарды еске алу үшін жеңісті жерлеу әдетімен атап өтуге шақырды.

Ауыртпалық пен қайғы-қасірет әкелетін соғысты жазғыру, сондай-ақ мінсіз бейбіт мемлекет туралы идеялар орта ғасырлардағы прогресшіл ой-

шылдарда кездеседі. Бұл идеяларды “екінші ұстаз”, Шығыстың көрнекті ойшылы әл-Фараби⁴⁵, “әлем жыршысы”, әзірбайжан гуманисі Низами Гянджеви⁴⁶, “Бейбітшілік қорғаушысының” (1324) авторы Марсилий Падуанский дамытты.

Қайта өрлеу дәуірінен бастап және әсіресе Жаңа заманда көптеген көрнекті ойшылдардың назары соғыс пен бейбітшілік проблемасына, адамзат дамуының болашағы проблемасына, адамзат дамуының болашағын ой елегінен өткізуге бағытталды. Ой-пікірлер тарихындағы бұл бағыт Эразм Роттердамскийдің (1469–1536) “Дүние тілегі” (1517) ғақлиясында, пацифист әрі космополит Эмери Крюссенің (1590–1648 жж. шамасы) “Жаңа Киней, немесе бүкіл дүние жүзінде жалпылама бейбітшілік және сауда еркіндігін орнату үшін мүмкіндіктер мен құралдар беретін күй туралы Пікір” (Париж, 1623) атты кітабында, чех ойшылы Ян Амос Коменскийдің (1592–1670) ғақлияларында, Англияның Солтүстік Америкадағы кейін Пенсильвания деп аталған отарының негізін қалаушы Вильям Пеннің (1644–1718) “Еуропадағы қазіргі және болашақ дүние туралы тәжірибе” (1693) атты шығармасында, XVIII ғ. француз дипломаты әрі ағартушысы Шарль Ирине де Сен-Пьердің (1658–1743) “Еуропада мәңгілік бейбітшілікті сақтау туралы жазба” (1712) және “Еуропадағы мәңгілік бейбітшілік жобасы” (үш том, 1713–1717 жж.) атты шығармаларында, француз философы әрі ағартушысы Жан Жак Руссоның (1712–1778) “Мәңгілік бейбітшілік туралы пайымдау” (автор қайтыс болғаннан кейін, 1782 ж. жарияланған) атты мақаласында және т.б. дамытылды⁴⁷.

Я.А. Коменский мен Ш.И. Сен-Пьер Еуропада тұрақты бейбітшілік орнату үшін халықаралық шарт жасау тұжырымдамасын ұсынды. Сен-Пьер Еуропа конфедерациясы мен республикасы, Еуропа төрелік соты туралы жазды. Э.Крюссе бейбітшілік құрама штаттары мен халықаралық аралық сот туралы армандады. В. Пенн халықаралық өкілді орган (халықаралық парламент) – Мемлекеттердің жоғарғы палатасын құру қажеттігі туралы жазды.

Ресми түрде теріске шығарылған зорлық-зомбылық көрсетпеу және пацифизм идеялары әр түрлі протестанттық ағымдардың, мысалы меннониттер мен квакерлердің (Вильям Пенн квакерлердің жетекшілерінің бірі болды) игілігіне айналды. Мәселен, ағылшын королі II Карлге 1661 ж. қаңтарда жолдаған декларациясында квакерлер “олар қандай мақсатта, қандай себеппен жүргізілсе де, сыртқы қарудың көмегін пайдаланатын барлық соғыстардан, ұрыс-керістер мен шайқастардан” бас тартатындары жөнінде мәлімдеді⁴⁸.

Канттың “Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” ғақлиясы кейін бүкіл Еуропаны дүр сілкіндірген және белгілі дәрежеде XIX ғ. басындағы дүниежүзілік соғыс ретінде сипаттауға болатын жаңа Наполеон соғыстарының қарсаңында өмірге келді. Тарихи оқиғалардың осындай бағыт алатынын алдын ала сезген және осымен бір мезгілде адам қоғамы дамуының заңдылықтарын ұғынуға тырысқан Кант осынау тамаша шығармасын жазады. Адамзаттың болашағы туралы түсініктер қашан да Кантты қызықтырған, сондықтан да бұл ғақлия оның басқа жұмыстарындағы, әсіресе “Бүкіләлемдік-азамат-

тық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясындағы” идеялардан өсіп шықты.

“Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” бағдарламасының бірінші бөлімі мәңгілік бейбітшілік туралы шарттың алдын ала баптарына арналған, ол Канттың ойынша, адам қоғамының эволюциясы барысында қалыптасуы тиіс. Кант бастапқыда мемлекеттер одағы бейбітшілікті сақтау үшін мемлекеттердің тұрақты конгресі нысанын иеленетініне назар аударды. Ол мұндай әдістің Еуропада XVIII ғ. алғашқы жартысында-ақ қалыптаса бастағанын атап көрсетті. Сол кезде Гаагада Бас штаттардың жиналысында көптеген Еуропа монархиялары мен ұсақ республикалардың министрлері жиналыстың басқа қатысушылары тарапынан болған дұшпандық әрекеттерге шағымданды. Олар осы арқылы, Канттың ойынша, сол кезде-ақ Еуропаны біртұтас федеративтік мемлекет ретінде елестетті⁴⁹.

Ғалымның адамзаттың ықпалдасу нысандары туралы идеялары соңғы бір жарым ғасырда қалыптасқан халықаралық институттар мен ұйымдарға алғышарт болды. Бұл – XIX ғ. екінші жартысындағы Бейбітшілік пен бостандық лигасы, ол прогресшіл адамзаттың бейбітшілікті, бостандық пен демократияны орнықтыру жөніндегі күшжігерін үйлестіретін ұйымның рөліне ұмтылатын өзгеше халықаралық съезд, конференция болып табылады. Бұл ұйым XX ғ. басындағы Ұлттар Лигасының ізашары болды, ал өз кезегінде Ұлттар Лигасы – қазіргі БҰҰ-ның негізін қалады, әрине, мұнымен адамзаттың бұдан да біртұтас планеталық саяси және құқықтық жүйеге ықпалдасу үрдісі

аяқталды деуге болмайды. Ғақлия дүниежүзілік саяси және құқықтық даму үрдісін, атап айтқанда, осы халықаралық ұйымдардың пайда болуы мен дамуынан байқалатын даму үрдісін болжап білді.

Канттың ойынша, мемлекеттер арасында мәңгілік бейбітшілік орнату үшін адамзат халықаралық құқықтың тыйым салу сипатындағы мынадай принциптері қажет деп тануы тиіс:

1. “Егер шартты жасау кезінде келешек соғыстың негізі құпия сақталған болса, бірде-бір бейбіт шарт заңды деп танылмауы тиіс”⁵⁰. Бейбіт шарт таяу кезеңдегі ғана емес, сондай-ақ алыс болашақтағы бейбітшілікті көздеуі, соғыстың себептерін жоюды, кейін туу қаупі бар соғыс көздерін көре білуді және оларды болдырмауды мақсат етуі тиіс. Адамзат өзінің ілгері жылжуында тап болуы мүмкін “су асты тастарын” жою қажет. Шарттар шынайы түрде бейбітшілікке бағдарланып, мемлекеттердің мұрағаттарынан табылуы мүмкін мәліметтер мен фактілерді қоса алғанда пайда болатын ақпараттарды ескеруі тиіс. Басқаша айтқанда, бұл шарт кейін оны қайта қарап, әлде бір келеңсіз көлденең салдар туғызбау үшін тиянақты әрі жан-жақты дайындалуы тиіс.

2. Мемлекеттердің теңдігі мен тәуелсіздігін тану. “Бірде-бір дербес мемлекетті (үлкен бе, шағын ба – айырмасы жоқ) басқа мемлекеттердің мұра етіп алуына, айырбастап алуына, сатып алуына, тарту ретінде иеленуіне жол берілмеуі тиіс”⁵¹. Мемлекеттер бірін-бірі өзара құрметтеуі тиіс. Канттың ойынша, жоғарыда аталған әдістермен монархтың да мемлекетке билік жүргізу құқығы жоқ, өйткені бұл

қоғамдық шартқа қайшы келеді. Мемлекетті монарх иеленбейді, қайта басқару міндеттерін жүзеге асыру үшін мемлекет монархты шақырады.

3. Адамзат қарусыздану қажеттігін мойындауы тиіс. “Уақыт өте келе тұрақты армиялар (miles perpetuus) толығымен жойылуы тиіс”⁵². Жантала-са қарулану, мемлекеттердің жинақтаған қару-жарақтары әр түрлі соғыс көзіне айналуда. Мемлекеттердің бейбіт уақыттағы әскери шығындары шамадан тыс ауыртпалықтар келтіруде. Сонымен қатар, Канттың ойынша, мемлекет әскери іс-қимылдарда адамдарды пайдаланып, олардың бірін-бірі өлтіруіне жол ашады, сөйтіп олар мемлекеттің қолындағы қарапайым машинаға немесе қаруға айналады, ал бұл “бізді қоса алғанда, адамзаттың құқықтарымен сыйыспайды”⁵³. Канттың пікірінше, әскери дайындық, оған ерікті түрде қатысу, халықтың өзін қорғауға даярлығы – бұл басқа мәселе. Мемлекет өзінің жауынгерлік қабілеті мен өзін-өзі қорғауға дайындығын сақтау үшін осындай әскери дайындық жүргізе алады. Алайда іс жүзінде барлық елдер тұрақты армияларды тарату жөнінде уағдаласуы тиіс.

4. “Мемлекеттің борыштары сыртқы саяси істер үшін пайдаланылмауы тиіс”⁵⁴. Кант кредиттер, мемлекеттік заемдар экономиканы дамыту және мемлекеттік азық-түлік қорларын жасау үшін алынуы мүмкін деп атап көрсетті. Бұл орынды да. Алайда XVIII ғ. өзінде-ақ кредиттік жүйе мен соғыстардың тығыз байланысы пайда болды. Сыртқы және ішкі берешек “соғыс қорына” айналуы мүмкін. Бұл бейбітшілік жолындағы кедергі болды. Сонымен

қатар, мемлекеттің қаржы-несие жүйесінің банкроттыққа ұшырауы халықаралық зардаптар туғызуы мүмкін. Канттың ойын дамыта келе, тарихи даму барысында мемлекеттер арақатынасының шырмалып кететіні соншама, бүкіл тарих ішінде кімнің кімге қанша берешек екенін анықтау іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан жаңа тарихи кезеңде мемлекеттер мемлекетаралық қаржы қатынастарының мәні мен зардаптарын ой елегінен өткізуі тиіс. Егер осындай ғаламдық тарихи ауқымдағы өзара есептер мен өзара берешектерді пайымдап көретін болсақ, оларды сыртқы саяси пайдакүнемдік мақсаттарға пайдаланудың әділетсіздігі айқын бола түседі.

5. “Бірде-бір мемлекет басқа мемлекеттердің саяси құрылысы мен билігіне күшпен араласпауы тиіс”⁵⁵. Барлық мемлекеттер дербес әрі тәуелсіз болғандықтан, барлық өзге принциптерді мойындайтын кезде араласпау принципі адамзаттың мәңгілік бейбітшілікке келу нышаны болып табылады. Кант тарихи даму барысында, мысалы, бір мемлекет бірнеше мемлекетке ыдырайтын тұста әр түрлі күрделі жағдайлар тууы мүмкін деп жорамалдады. Бұл кезде әр түрлі проблемалар, атап айтқанда, өкілеттіктерді қайта бөлуге байланысты проблемалар пайда болады. Алайда мұндай жағдайларда дүниежүзілік қауымдастық немесе басқа елдер өлде бір мемлекеттерге көрсететін жәрдем ішкі істерге араласу ретінде қарастырылмауы тиіс және бұл жәрдемнің өзі осындай араласу сипатында болмауы тиіс. Мұндай жәрдем ең алдымен тәртіпсіздіктерді және басқа елдер үшін дағдарысты немесе өзге де келеңсіз құбылыстардың зардаптарын болдырмауға бағытталған.

6. Келесі бап бірде-бір мемлекет басқа мемлекетпен соғыс кезінде болашақ бейбітшілік кезеңінде өзара сенім туғызуды жоққа шығаратындай дұшпандық әрекеттерге бармауға тиіс деп тұжырымдайды. Канттың ойынша, тіпті соғыс кезінде де келешек бейбітшіліктің негізіне мина қоюға болмайды. Адамзат дамуының белгілі бір сатысына дейін соғыстардан толық арылу мүмкін болмаса, соғыстар мұндай мәжбүрлі жағдайлар үшін дүниежүзілік қауымдастық белгілеген ережелерді қолдана отырып жүргізілуі тиіс. “Соғыс, – деп жазды Кант, – тараптардың бірде-біреуі дұрыс емес деп жариялана алмайтын кезде (өйткені мұның өзі соттың шешімі болуын көздейді) және әділдік қай тараптың жағында екенін соғыстың нәтижесі ғана шешетін жағдайда өзінің құқықтарын күшпен орнықтыратын табиғи күйдегі (шығарылған үкім заң күшіне ие болатын ешқандай сот сатысы жоқ кезде) мәжбүрлі құрал”⁵⁶. Адамзаттың мәңгілік мақсаттары және соғыстардың өткінші сипаты туралы ұмытуға болмайды, келешекке халықтардың араздығын қалауға болмайды. Тіпті осындай тарихи жағдайларда да болашақ бейбітшілік үшін қолдан келетіннің бәрін істеу қажет. Халықтар мен мемлекеттер шектен шыққан қатігездік пен зұлымдыққа жол бермеуі тиіс деп есептеді Кант. Тіпті соғыс жағдайларының өзінде де қиянатшыл әскери құлықтардың жолы кесілуі тиіс. Оның үстіне, мемлекетті, жауласушы елдің күллі халқын жоюды мақсат ететін қырып-жоятын жазалау соғысына жол берілмеуі тиіс. Мұндай соғыс, деп жазды Кант, жауласушы тараптарды, *“олармен бірге әр*

түрлі құқықтарды жоюға әкеп соқтырған болар еді, адамзаттың алып зиратында ғана мәңгілік бейбітшілікке жеткізген болар еді”⁵⁷. Адамзатты қырып-жоятын соғыстарға сөзсіз тыйым салынуы тиіс деп ойлады философ.

“Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” ғақлиясының екінші бөлімінде шарттың мемлекеттік құрылысқа және адамзаттың азаматтық болашағына қатысты үш “түпкілікті баптар” тұжырымдалады.

Екінші бөлімнің бірінші бабы осы дүниежүзілік жаңа тәртіпке сай келетін билік жүргізу нысанын айқындайды. Канттың ойынша, мәңгілік бейбітшілікке жету міндетін алдына қоятын мемлекеттер республикалар болуы тиіс. Оның пікірінше, республика – тікелей қоғамдық шарттан туындайтын және сондықтан, “құқықтың пәк көзінен” бастау алатын шығу тегі мәнсіз басқару нысаны. Республика азаматтары соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешуде, ойлаушы есептегендей, “мемлекет мүшесі емес, оның меншік иесі” болып табылатын жеке-дара ойшылға қарағанда неғұрлым аңдағыш болады”⁵⁸.

Шарттың екінші түпкілікті бабы мемлекеттік құрылысқа қатысты – республикалық мемлекеттердің бүкіл дүниежүзілік федеративтік одағы қалыптасуы тиіс. Бұл бейбітшілік одағы болуға тиіс. Ол бейбітшілік шарты секілді, белгілі бір соғысты тоқтатып қана қоймастан, жалпы алғанда, оны болдырмауды мақсат етеді. “...Моральдық заң шығару билігі тұрғысынан қарағанда ақыл-ой, – деп жазды Кант, – сөз жоқ, соғысты құқықтық рәсім ретінде жазғырады және, керісінше, бейбіт күйді міндет етіп жүктейді, алайда мұндай күйді халықтардың ара-

сындағы шартсыз анықтауға да, қамтамасыз етуге де болмайды”⁵⁹.

Халықтар одағы бір мемлекет емес, көптеген дербес және өзара тең мемлекеттердің одағы болуы тиіс. Адамзат мұндай жағдайларда мемлекеттердің – федерациялар субъектілерінің жиыны ретінде танылуы тиіс, бұлар бүкіл дүниежүзілік күрделі құрамды жаңа саяси қауымдастыққа бірігу туралы өзара шарт жасасады. Одақтың мақсаты – өзін құрайтын мемлекеттердің бостандығын қолдау және бейбітшілікті сақтау.

Кант бүкіл дүниежүзілік федерация құру – ұзаққа созылатын процесс, ол әлемнің түрлі бөліктерінде шағын аралдар түрінде қалыптасуы мүмкін деп ойлады. Бұл мағынада алғанда, Кант Еуропаны біріктіру идеясының да ізашары болып табылады. Кейін дүниежүзілік жүйенің бұл шағын аралдары ұлғайып, бірте-бірте барлық мемлекеттерді қамтуы тиіс. Кант әлде бір күшті мемлекет, әлде бір федеративтік республика осы бүкіл дүниежүзілік бірлестіктің орталығы, өзгеше тарту орталығы болуы мүмкін, айналасындағылар осыған біріге бастауы мүмкін деп ойлады. Ол теориялық тұрғыда жер бетіндегі халықтар біртұтас халықтар мемлекетіне – дүниежүзілік республикаға⁶⁰ барынша тығыз бірігуі мүмкін деп жорамалдады, бірақ дербес мемлекеттердің бүкіл дүниежүзілік идеясын барынша қолайлы деп есептеді.

Ең ақырында, шарттың түпкілікті үшінші бабы, Канттың ойынша, *бүкіл дүниежүзілік азаматтық құқыққа* қатысты болуы тиіс. Барлық мемлекеттер оны тану жөнінде уағдаласады. Бұл жеке мемле-




Ескі Кёнигсбергтің планы



Әр түрлі тарихи кезеңдердегі
Кёнигсбергтегі ғибадатхана



Әр уақытта
әр жағынан қарағандағы
Канттың үйі





Ян Амос Коменский



Шарль Ирине де Сен-Пьер



Вильям Пенн



Иоганн Готфрид Гердер



Жан Жак Руссо



И. Кант ескерткіші
Кёнигсбергде орнатылған
Х.Д. Раухтың (Rauh) жұмысы

кеттердің азаматтығы жойылады деген сөз емес. Бүкіл дүниежүзілік азаматтық ғаламшардың күллі тұрғындары үшін әлемдік қонақжайлылық принципі ретінде ұғынылды. Әрбір адам өз мемлекетінің азаматы бола отырып, бүкіл дүниежүзілік федерацияның да азаматы болып көрінеді. Өзінше қос азаматтық танылады: әрбір адам үлкен және шағын саяси жүйенің азаматы болып шығады. Осының нәтижесінде барлық адамдар ғаламшарда кедергісіз саяхатқа шығып, оның кез келген жерінде тұра алады, барлық жерлерде өздерін тілектес әрі жылы шырайлы ортада, адамзаттың үлкен шаңырағында болғандай сезінеді. Адамзаттың Жер ғаламшарының бетін иелену жөніндегі жалпы құқығын жоғарыда аталған мойындау, адамзаттың жер бетін иелену құқығы, Канттың ойынша, осы құқықтың негізі болып табылады. Әлбетте, Кант ғаламшарда бүкіл әлемдік-азаматтық құрылысты қалыптастыру ұзаққа созылатын тарихи дамудың нәтижесі болып табылатынын түсінді, адамзаттың осы бағытта едәуір жолды жүріп өткенін атап көрсетті.

Адамзаттың бейбіт шарты туралы ойларға жасаған қосымшаларында ойшыл-философ адамдар қарым-қатынасының жаратылысы мен қоғам құрылысының принциптері мәңгілік бейбітшілік идеяларының жүзеге асатынына үміт артуға мүмкіндік береді деп атап көрсеткен. Ол сонымен бірге, осынау болашақ дәуірдің мемлекеттеріне, халықтары мен өміршілеріне адамзаттың ақылға қонымды құрылысын ұйымдастыруға жәрдемдесе алатын философ-ғалымдардың пікірін ескеріп отыруға кеңес берді. Әсіресе билік басында тұрған адамдар

мұны естен шығармауы тиіс, өйткені, Кант атап көрсеткендей, “билікті иемдену ақыл-ойдың еркін пайымдауын сөзсіз бұзады”⁶¹.

Канттың Кёнигсберг университетінің дін оқуы факультетінде оқыған барлық курстарын тыңдаған шәкірті И.Г.Гердер халықтардың сана-сезімі мен тәрбиесін дамытуға айрықша көңіл бөлу керек деп ойлады. Оның пікірінше, мәңгілік бейбітшілік, ең алдымен ізгілік проблема. Бейбітшілік идеялары мен құндылықтары әрбір халықтың сана-сезіміне терең бойлауы тиіс. Ол бейбітшіліктің қайнар көзі мемлекеттер емес, әділдік пен адамгершілік рухында имандылыққа тәрбиеленген халықтар. Гердердің пікірінше, тәрбиелеу принциптері, атап айтқанда, мыналарды қатуы тиіс: мәжбүрлі өзін-өзі қорғауды есептемегенде, “соғысты жек көрушілікті” тәрбиелеу; соғысқа қатысты ерлікті аса құрметтемеу; саяси макиавеллизмнен бас тарту; ағартушылық патриотизмді, әділеттілікті және басқа халықтармен ынтымақтастықты тәрбиелеу; халықтарды бөлу үшін емес, біріктіру үшін сауда жасау; еңбек ету мен жасампаздықты құрметтеуге тәрбиелеу⁶². Тек осылар ғана, Гердердің ойынша, мәңгілік бейбітшілікке болмаса да, біртіндеп соғыстарды азайтуға алып келеді.

Адамзаттың мәңгілік бейбітшілікке қарай ұмтылысының ізгілік және тәрбиелік қырларын ұлы моральшы Кант те түсінген болар. Алайда ұлы реалист ретінде ол тарихта Гердерге ұнамайтын мемлекеттің өмір сүруінің ұзақтығына және оның планетада бейбіт дәуірді орнатуға қатысуын теориялық тұрғыдан болжау қажеттігіне назар аудармай

тұра алмады. “Мәңгілік бейбітшілік жөнінде” ғақлиясында Кант ең алдымен болашақ бейбіт дәуірде адамзаттың бірігуінің саяси-құқықтық қырлары мен нысандары туралы жазады. Кант мәңгілік бейбітшілікке қажетті барлық жағдайлардың қашан пісіп-жетілетінін⁶³ және адамзат өзінің планеталық дамуының осынау жаңа кезеңіне қадам басатынын дәл болжаудың мүмкін еместігін атап көрсетті, бірақ жалпы адамзаттық ақыл-ой адам баласын нақ осы бағытта ілгері бастайтынына және дамудың осы нақты әрі заңды сатысы біртіндеп жақындай беретініне сенімді болды. Ол мәңгілік бейбітшілікті адамзат сатылы реформалар жүргізу жолымен өзінің эволюциялық дамуында үздіксіз жақындай беретін жоғары саяси игілік ретінде қарастырды⁶⁴. Кант жалпыға бірдей және тұрақты бейбітшілік орнықтыруды ақыл-парасат тұрғысынан алғанда құқық туралы ілімнің жай ғана бөлігі емес, түпкі мақсаты деп есептеді⁶⁵. “Және егер бұл мақсатты толығымен жүзеге асыру қашан да ізгі тілек күйінде қалатын болса да, – деп жазды Кант мәңгілік бейбітшілікке жету туралы, – біз негізгі қағиданы осы бағытта үздіксіз әрекет етеді деп қабылдай отырып, алданбайтынымыз шүбәсіз, өйткені бұл негізгі қағида – біздің парызымыз...”⁶⁶.

XIX ғ. басында мәңгілік бейбітшілік идеялары бірқатар елдерге таралды, бейбітшілікті жақтаушылардың ұлттық және халықаралық қоғамдары пайда бола бастады. Мәселен, 1815 ж. “Нью-Йорктің бейбітшілік қоғамы”, 1816 ж. – Лондон қоғамы пайда болды. 1870–1880 жж. мұндай қоғамдар

Ресейді⁶⁷ қоса есептегенде, әлемнің он елінде құрылған еді.

1933 ж. кейін, Германияда билік басына фашистер келгеннен кейін бейбітшілік пен Жер шары халықтары келісімінің ұлы теоретигі Кант өз Отанында қаһарға ұшырады...⁶⁸ Оның либералдық және космополиттік идеялары нацизм мен зорлық-зомбылық теориясы мен практикасына көпе-көрінеу сай келмеді⁶⁹.

И. Кант өзінің адам қоғамының болашағы, біртұтас өркениет қалыптастыру, оны ұйымдастыру нысандары мен принциптері туралы идеяларында көп ретте ХХ ғ. екінші жартысының, бөлкім, болашақ ғасырдың идеяларын болжап білді. Жаңа дүниежүзілік соғыс қаупі төнетін, жаппай зақымдайтын қару-жарақтардың жаңа түрлері шығарылатын, толып жатқан әскери лабораториялар мен зерттеу институттарында қару-жарақтардың жаңа түрлері мен жүйелері жасалатын жағдайларда адамзаттың алдында іс жүзінде жалпыға бірдей бейбітшілікті іздестіріп, сақтау мен нығайтудан басқа жол қалмайды; мұның баламасы – жаппай қырып-жоюдың өзін-өзі өлтіретін жолы.

С.Ф. Ударцев

ЕСКЕРТУЛЕР

Кітапты қазақ тіліне М. Кеңбейіл мына кітаптан аударды: *Иммануил Кант*. “Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане”. К вечному миру. 2-басылым, толықтырылған және түзетілген./Кіріспе мақаласы, ескертулері және құрастыруы С.Ф. Ударцевтікі. Алматы: Жеті жарғы, 2003. Кітаптың 1-басылымы 1999 жылы орыс тілінде “Әділет” жоғары құқық мектебінде жарық көрген.

ИММАНУИЛ КАНТТЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ (С.Ф. Ударцев)

¹Қараңыз: *Гулыга А.* Кант. М., 1977, 247-б.

²*Кант И.* Метафизика нравов в двух частях // 6 т. 4-т, 2-б., М., 1965, 139-бет.

И.Канттың саяси және құқықтық көзқарастары туралы қараңыз, мысалы, әр түрлі тарихи кезеңдердегі еңбектер: *Новгородцев П.И.* Учение Канта о праве и государстве // Вопросы философии и психологии. 1901. Кн. 58 (III). 315–361-бб.; *Коркунов Н.М.* История философии права: Пособие к лекциям. 6-бас., СПб., 1915. 250–271-бб.; *Бошко В.И.* Очерки развития правовой мысли (От Хаммураби до Ленина). Харьков, 1925. 291–309-бб.; *П.Ф. Галанза.* Кант // История политических учений/ Ред. баск. *С.Ф. Качекян, Г.И. Федыкин.* М., Бұл да сол. Учение Канта о государстве и права. М., 1960; *Глебов А.В.* Канттың: “О вечном мире” ғаклиясы төңірегінде // Вопросы философии, 1958, № 2. 173–175-бб.; 1955. 340–346-бб. *Деборин А.М.* Очерки социально-политической мысли в Германии. Конец XVIII – начало XIX в. 2-т. М., 1967. 212–245-бб.; *Асмус В.Ф.* Иммануил Кант. М., 1973; *Поликарпова*

Е.В. Учение И. Канта о праве и государстве. М., 1973; *Пионтковский А.А.* Политико-правовая философия И Канта. (И. Канттын тууының 250 жылдыгына) // Советское государство и право, 1974, №2. 84–95-бб. *Андреева И.С.* Проблема мира в западноевропейской философии. М., 1975; *Лазуренко В.Д.* Иммануил Кант // Политические учения: история и современность. Домарксистская политическая мысль. М., 1976. 431–455-бб.; *Нарский И.С.* Кант. М., 1976. 163–176-бб.; *Гулыга А.* Кант. М., 1977; *Фельдман Д. И., Баскин Ю.Я.* Учение Канта и Гегеля о международном праве и современность. Казан, 1977; *Скрипник А.П.* Категорический императив Иммануила Канта. / ред. басқарған А. Гусейнов. М., 1978; *Баскин Ю.Я.* Кант. М., 1984; *А. Гулыга.* Кант – теоретик мира // И. Кант: “К вечному миру” И. Канта. М., 1989. 322-б.; *Кузнецов В.Н.* Немецкая классическая философия второй половины XVIII – начала XIX века. М., 1989. 106–120-бб. т.б.; *Мамут Л.С.* Иммануил Кант // История политических и правовых учений. XVII–XVIII вв. / Жауап. ред. В.С. Нерсесянц. М., 1989. 191–202-бб. *Воротилин Е.А.* // Учение И. Канта о праве и государстве // История политических и правовых учений. Домарксистской период. Ред. басқарған О.Э. Лейст. М., 1991. 365–374-бб.; *Баскин Ю.Я.* Кант и формирование идеи правового государства в первой половине XIX в. в Германии // Кант жинағы. 17-шығ. Калининград, 1993. 60–61-бб.; Иммануил Кант. Библиографический указатель литературы на русс. языке. 1803–1994 / Құраст. Л.С. Давыдова. М. 1996. *Синха Сурия Пракаш.* Право как гармонизация добровольных действий: И. Кант (1724–1804) // Юриспруденция. Философия права: Кыскаша курс. М., 1996. 113–117-бб.; *Нерсесянц В.С.* Философия права. М., 1997. 487–498-бб.; *Воротилин Е.А.* Учение И. Канта о праве и государстве // История политических и правовых учений / Ред. басқ. О.Э. Лейст. М., 1997. 302–310-бб.; *Ударцев С.Ф.* Кант. Из истории политической и правовой мысли // Фемида (Алматы). 1997. №9. 106–110-бб.; *Алексеев С.С.* Самое святое, что есть у Бога на земле. Иммануил Кант и проблемы права в современную эпоху. М., 1998. С.Ф. Ударцев. Политические и правовые идеи Иммануила Канта // Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане. К вечному миру. Алматы, 1999. 5–40-бб.; *Козлихин И. Ю.* 8-дәріс. Иммануил Кант И. Ю. Козли-

хиннің мына кітабында. История политических и правовых учений. Новое время: от Макиавелли до Канта. Дәрістер курсы. 2-бас., толық. СПб., 2002. 335–357-бб.; *Кадыров Б.* Основы учения Иммануила Канта о морали и праве // Жинақ. Жалп. ред. басқ. С.Ф. Ударцев. Алматы, 2003. 27–34-бб.

³ *Кант И.* К вечному миру // 6 т-к. шығ., 6-т. М., 1966, 270-б. Философтың бұл ойын С.С. Алексеев өзінің Кант туралы кітабының атауына сәтті пайдаланған. Қараңыз: *Алексеев С.С.* Самое святое, что есть у Бога на земле. И. Кант и проблемы права в современную эпоху. С.С. Алексеев ең алдымен, сірә, Кант ілімінің құқықтық және либералдық құндылықтарын назарға ала отырып, “Кантка қарай ілгері жылжи берейік” деген ұран тастады. (Қараңыз: Сонда, 400-б. және т.б.).

⁴ Қараңыз: *Кант И.* Метафизика нравов в двух частях. 133-бет.

⁵ Қараңыз: Сонда, 143, 145-беттер.

⁶ Сонда, 147-бет.

⁷ Сонда, 133-бет.

⁸ Сонда, 140-бет.

⁹ “Максимаға сәйкес әркімнің озбырлық еркіндігі жалпыға бірдей заң бойынша әркімнің еркіндігімен қабысады”, — деп жазды Кант (Сонда, 140-бет).

¹⁰ Сонда, 141-бет.

¹¹ Қараңыз: Мыс.: *Баскин Ю.Я.* Кант / Из истории политической и правовой мысли. М., 1984. 31-б.; *Ударцев С.Ф.* Правовое государство: смысловые грани доктрины (философия құқық тарихынан) // Ғылыми еңбек “Әділет”, 2001, №1 (9) 16–17-бб.; т.б.

¹² Қараңыз: *Кант И.* Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане // Шығ., 6-т., 12-бет.

¹³ Сонда, 13-бет.

¹⁴ Сонда, 231-бет.

¹⁵ Сонда, 233-бет.

¹⁶ *Кант* “О мнимом праве лгать из человеколюбия” (1797) деген мақаласында былай деп жазады: “Енді құқық метафизикасынан (тәжірибенің кез келген жағдайларынан мұнда дерексіз) саясаттың негізгі қағидасына (ұғымдарды тәжірибе фактілеріне қоса тіркейтін) өту үшін және оның көмегімен құқықтың жалпы

принципіне сәйкес саясаттың міндеттерін шешу үшін философ: 1) *аксиоманы*, яғни тікелей жария құқықтың анықтамасынан шығатындай анық жағдайды дұрыс табуы тиіс (жалпы заң бойынша, әркімнің *еркіндігін* басқалардың еркіндігімен үйлестіру); 2) онсыз ешкімнің еркіндігі болмайтын баршаның ерік *теңдігінің* принципі бойынша біріктірілген сыртқы жария заңның талабын (постулат) қою; 3) еркіндік пен теңдіктің негізінде (нақ айтқанда өкілді жүйенің көмегімен) тіпті үлкен қоғамда да татулық орнығуы үшін не істеу керектігі туралы *проблема* қою; бұл — *саясаттың* негізгі қағидасы болмақ және оның жүзеге асырылуы мен қолданылуы адамның тәжірибелі танымынан туындай отырып, құқықтық басқару тетігі мен оның мақсатты құрылымын алға тартатын шешімдерді негіз ететін болады. Құқық саясатқа емес, керісінше, қашан да саясат құқыққа қолданылуы тиіс” (*Кант И. Трактаты и письма. М., 1980, 296-бет*). Сірә, “құқыққа қолдану” тіркесін “құқыққа шақтап көру” тіркесімен ауыстыру дұрыстырақ болар.

¹⁷ Қараңыз: *Кант И. К вечному миру. 288, 280-беттер*. Басқа жерлерінде ол моральды құқық туралы ілім деп атайды. Қараңыз: Сонда, 305, 307, 308-беттер.

¹⁸ Сонда, 290-бет.

¹⁹ Сонда, 307-бет.

²⁰ Сонда, 286-бет.

²¹ Сонда, 292-бет.

²² *Кант И. Метафизика нравов в двух частях. 234-бет.*

²³ Сонда, 237-бет.

²⁴ Сонда, 240-бет.

²⁵ *Кант И. К вечному миру. 269-бет.*

²⁶ Сонда, 287-бет.

²⁷ Сонда, 299-бет.

²⁸ Сонда, 270-бет.

²⁹ Сонда, 298-бет. “Бір карағанда, — деп жазады И.Ю. Козлихин, — Еуропаның нағыз абсолюттік мемлекеттерінің бірі — Пруссияның қол астында болған адамның XVII—XVIII ғғ. классикалық либерализм дамуының қорытындысын шығаруы және тарихта бостандық пен құқықтың жыршысы және абсолюттік мемлекеттің жалынды сыншысы болып калуы оғаш нәрсе болып

көрінуді мүмкін. Бірақ бұл бір қарағанда солай болып көрінетін болар. Канттың кемеңгерлігі Пруссия мемлекетінің көлгірсіме ішкі саясатының қысымын алғыр сезінді. Ол либерализмді Локк секілді сипаттамастан, жан жүрегімен ұғынды” (Козлихин И.Ю. История политических и правовых учений. Новое время: от Макиавелли до Канта. Дәрістер курсы, 2-бас., толықт. СПб., 2002, 357-бет).

³⁰ Қараңыз: Кант И. Метафизика нравов в двух частях. 269-бет.

³¹ Сонда, 116, 231–232-беттер.

³² Яценко А.С. Международный федерализм. М., 1908, 76-бет.

³³ Комаровский Л.А. Международное право. М., 1905. Қараңыз: Левин Д.Б. Наука международного права в России в конце XIX и начале XX в. Общие вопросы теории международного права. М., 1982.

³⁴ Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском праве. 15-бет.

³⁵ Сонда, 15-16-беттер.

³⁶ Сонда, 16-бет.

³⁷ Кант И. К вечному миру. 275-бет.

³⁸ Сонда, 276-бет.

³⁹ Кант И. Метафизика нравов в двух частях. 180-бет.

⁴⁰ Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане. 16–17-беттер.

Гегельдің мұрасын зерттеуге айтарлықтай көп уақыт бөлген В.С. Нерсисянц былай деп әділ атап көрсетеді: “Мемлекеттік-құқықтық проблемаларға Кант философиясы көзқарасының мәнді артықшылығы, атап айтқанда, мынада: ол бұл тақырыпты және халықтың, қоғамның, мемлекеттің ішіндегі қатынастарға ғана қатысты емес, сондай-ақ халықаралық және мемлекетаралық қатынас тұрғысында – ілгерілеуші қозғалыс бағытында (ақыл-парасат идеясының үзілді-кесілді талаптарына сәйкес) бүкіләлемдік азаматтың-құқықтық жай-күйді және халықтар арасында мәңгілік бейбітшілікті орнатуға қатысты бүкіләлемдік-тарихи көлемде алға қойып, талдайды” (Нерсисянц В.С. Философия право, 497-бет).

⁴¹ Кант И. Метафизика нравов в двух частях. 279–281-беттер.

⁴² Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов / Жалпы ред. баск. және кіріспе мак. *А.Ф. Лосев*, М., 1979, 254-бет.

⁴³ Сонда, 257-бет.

⁴⁴ Қараныз: Антология кинизма. Антисфен. Диоген. Кратет. Керкид. Дион. Фрагменты сочинений кинических мыслителей / Басылымды дайындаған *И.М. Нахов*. М., 1984, 114-бет.

⁴⁵ Қараныз: *Таукелев А.Н., Сапарғалиев Г.С.* Государственно-правовые взгляды аль-Фараби. Алма-Ата, 1975, 54–55, 84-беттер.

⁴⁶ Қараныз: *Рзаев А.К., Гренетин Б.Л.* Вопросы войны и мира в воззрениях азербайджанских мыслителей прошлого // История политической мысли и современность. М., 1988, 154-бет.

⁴⁷ Кант идеясының алғы тарихы туралы қараныз: *Андреева И.С.* Вековая мечта человечества // Трактаты о вечном мире. М., 1963, 13–38-беттер; Осы автор. Проблема мира в западноевропейской философии. М., 1975.

⁴⁸ *Илюхина Р.М.* Пацифизм и ненасильственная альтернатива в истории // Принципы ненасилия. Классическое наследие / Жауап. ред. В.М. Иванов. М., 1991, 172-бет.

⁴⁹ *Кант И.* Метафизика нравов в двух частях. 278-бет.

⁵⁰ *Кант И.* К вечному миру. 260-бет.

⁵¹ Сонда.

⁵² Сонда, 261-бет.

⁵³ Сонда.

⁵⁴ Сонда, 262-бет.

⁵⁵ Сонда.

⁵⁶ Сонда, 263-бет.

⁵⁷ Сонда, 264-бет. Курсивпен көрсеткен біз. – С.У.

⁵⁸ Сонда, 267–269-беттер.

⁵⁹ Сонда, 274-бет.

⁶⁰ Сонда, 275-бет.

⁶¹ Сонда, 289-бет.

⁶² Толығырақ қараныз: *Гулыга А.В.* Гердер и его “Идеи к философии истории человечества” // *Гердер И.Г.* Идеи к философии истории человечества. М., 1977, 644-бет.

⁶³ *Кант И.* К вечному миру. 288-бет.

⁶⁴ *Кант И.* Метафизика нравов в двух частях. 283-бет.

⁶⁵ Сонда, 282-бет.

⁶⁶ Сонда, 282-бет.

⁶⁷ Қараңыз: *Баскин Ю.Я.* Кант / Из истории политической и правовой мысли. М., 1984. 61-б.

⁶⁸ *Рассел Б.* История западной философии. 2-т. М., 1993, 227-бет.

⁶⁹ Бұл тұрғысында, Кантқа, сірә, де Сен-Пьердің мәңгілік бейбітшілік жоспары туралы Руссоның сөзінің қатысы болмаса керек. Руссо былай деп жазған: де Сен-Пьердің мәңгілік бейбітшілік туралы жобасы тамаша әрі парасатты бола тұрғанымен де, адамзаттың бүкіләлемдік ұйымының жобасы ретінде “тек қатыгез және адамгершілікке жат құралдармен ғана жүзеге асырылады”, мұның өзі, егер еуропалық федерация революциялық жолмен пайда болатын болса, тіпті осы федерацияның жасалуы тұтас жүз жылдықты кері ысырып тастауға қарағаннан да үлкен қастандық болар еді” (Қараңыз: Ж.Ж. Руссо. Мәңгілік бейбітшілік туралы пайымдау // Трактаты о вечном мире / Кұрастырушылар: *И. С. Андреева, А.В. Гулыга.* М., 1963. 149-б.). Сонымен бірге Кант эволюцияның жақтаушысы болды.

И. Кант

БҮКІЛӘЛЕМДІК-АЗАМАТТЫҚ ТҮРҒЫДАҒЫ ЖАЛПЫЛАМА ИДЕЯСЫ

Еңбек алғаш рет Берлиннің “*Berlinische Monatschrift*” журналында жарияланған, 1784, IV, S. 385-411. Орыс тілінде алғаш рет “Позитивизмнің негізін салушылар” жинағында 1910 ж., И. А. Шапиropyның аудармасында жарияланды (1-шығарылым, Спб.). Мақала мына басылымдардың мәтіні бойынша басылған: И. Кант Шығ.: 6 томдық, 6-т., Мысль, 1966. 5–23-беттер. Аударма Канттың 1804 ж. шығармаларының басылымы бойынша жасалған. Аударманы салыстырған М.И. Иткин.

⁷⁰ Кеплер (Kepler) Иоганн (1571-1630) — ғаламшарлардың қозғалыс заңын ашқан неміс астрономы.

⁷¹ Ньютон (Newton) Исаак (1643-1727) — ағылшын математигі, астроном, физик.